

Арыс қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2016 жылғы 4 марта № 52/307-V шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабы 5 тармағына және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40 бабының 2 тармағының 4 тармақшасына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арыс қалалық мәслихатының мына шешімдерінің күші жойылсын:

1. "'Б" корпусындағы Арыс қалалық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Арыс қалалық мәслихатының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 42/259-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3303 тіркелген, 2015 жылғы 15 тамыздағы "Арыс ақиқаты" газетінің 33-санында жарияланған) шешімі.

2. Арыс қалалық мәслихатының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 44/268-V "'Б" корпусындағы Арыс қалалық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Арыс қалалық мәслихатының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 42/259-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3375 тіркелген, 2015 жылғы 7 қарашадағы "Арыс ақиқаты" газетінің 45-санында жарияланған) шешімі.

3. "Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарлату туралы" Арыс қалалық мәслихатының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 46/279-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3470 тіркелген, 2016 жылғы 1 қаңтардағы "Арыс ақиқаты" газетінің 1-санында жарияланған) шешімі.

4. "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Арыс қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 37/220-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3068 тіркелген, 2015 жылғы 14 наурыздағы "Арыс ақиқаты" газетінің 13-санында жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК